

Орал қаласы

4 қыркүйек 2024 жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіру, әдістемелік құжаттармен таныстыру, жылдық жоспардың орындалуын талдау және «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» тиімді енгізу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Қатысушылар: бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-мамандар.

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат
2. Жылдық жоспарды талдау.
3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Райса Адиевна сөз алып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024–2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Баяндамашы құжатта көрсетілген негізгі бағыттарға тоқталып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру талаптарын, енгізілген жаңа әдістемелік өзгерістерді және педагогикалық жұмысты жоспарлау ерекшеліктерін түсіндірді.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Райса Адиевна жылдық жоспардың орындалу барысына талдау жасады.

Сөз барысында жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі қарастырылып, атқарылған жұмыстардың нәтижелері айтылды. Сонымен қатар кейбір бағыттар бойынша жұмысты жетілдіру және педагогтердің белсенділігін арттыру қажеттігіне тоқталды.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Педагог Зимуханова Т.Н «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша сөз алып, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Баяндамашы бағдарламаның мақсаты мен мазмұнын түсіндіріп, оны оқу-тәрбие процесінде қолдану жолдарын атап өтті. Бағдарлама негізінде білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін, ұлттық құндылықтарын және тұлғалық дамуын қалыптастыру мәселелеріне тоқталды.

Шешімі:

1. Қазақстан Республикасының 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат талаптарын оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынсын.
2. Жылдық жоспардың орындалуы тұрақты бақылауға алынсын және анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін.
3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» оқу-тәрбие процесіне кезең-кезеңімен енгізілсін.
4. Педагогтердің әдістемелік деңгейін арттыру мақсатында түсіндіру және тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
5. Келесі әдістемелік кеңесте атқарылған жұмыстардың нәтижесі қайта қаралсын.

Төраға:  Бижанова Г.Н.

Хатшы:  Тулекова М.А.



Орал қаласы

14 ақпан 2025жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Әдістемелік кеңестің алдыңғы шешімдерінің орындалу барысын талдау, педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіру және мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу бойынша консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін түсіндіру.

Қатысушылар: бөбекжай менгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-мамандар.

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

1.ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Райса Адиповна сөз алып, алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді.

Сөз барысында жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейіне талдау жасалып, бірқатар жұмыстардың толық орындалғаны, ал кейбір тапсырмалардың орындалу үстінде екені атап өтілді.

Педагогикалық ұжымға қабылданған шешімдерді сапалы және уақытылы орындаудың маңыздылығы ескертілді.

2.ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Райса Адиповна «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді.

Баяндамашы Сапиоллина А.Г. консультациялық пункттердің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және педагогикалық қолдау көрсету екенін атап өтті.

Сонымен қатар жұмыс мазмұнына:

- ата-аналарға кеңес беру;
- баланың жас ерекшелігіне сәйкес даму бағыттарын түсіндіру;
- үй жағдайында дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- педагогикалық қолдау көрсету формалары қарастырылды.

Шешімі:

1. Алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Орындалмаған тапсырмалар жауапты тұлғаларға бекітіліп, белгіленген мерзімде толық орындалсын.
3. Консультациялық пункттердің жұмысы әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары күшейтілсін және тұрақты бақылауға алынсын.
5. Педагогтердің әдістемелік деңгейін арттыру мақсатында түсіндіру және тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
6. Келесі әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу нәтижесі қайта қаралсын.

Төраға:  Бижанова Г.Н.
Хатшы:  Тулекова М.А.



Орал қаласы
Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

7 Сәуір 2025жыл

Мақсаты: Әдістемелік кеңестің алдыңғы шешімдерінің орындалу барысын талдау және серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша қауіпсіздік талаптарын түсіндіру арқылы педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру.

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы.
2. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төраға Бижанова Г.Н сөз алып, алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді.

Сөз барысында жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі қарастырылып, бірқатар тапсырмалардың толық орындалғаны, ал кейбір бағыттар бойынша жұмыстардың жалғасып жатқаны атап өтілді.

Педагогикалық ұжымға қабылданған шешімдерді уақтылы және сапалы орындаудың маңыздылығы ескертілді.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Сағынғали Ә серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтармен таныстырды.

Баяндамашы серуенді ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда:

- балаларды серуенге шығар алдында тексеру;
- серуен аймағын алдын ала қауіпсіздік тұрғысынан қарау;
- балаларды үнемі бақылауда ұстау;
- қауіпті жағдайлардың алдын алу;
- санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері түсіндірілді.

ШЕШІМІ:

1. Алдыңғы әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Орындалмаған тапсырмалар жауапты тұлғаларға бекітіліп, белгіленген мерзімде орындалсын.
3. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау талаптары қатаң сақталсын.
4. Тәрбиешілерге қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар тұрақты түрде түсіндіріліп отырсын.
5. Келесі кеңесте орындалу барысы қайта қаралсын.



Төраға Бижанова Г.Н

Қатысушы Тулекова М.А